Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 41 (943) 15 қазан 2026 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://www.instagram.com/magzhan.zhuldizi/ e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияның 88 бабының 5 тармағына сәйкес Премьер-министр Олжас Бектеновпен және Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебаймен консультация өткізгеннен кейін «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлыққа қол қойды.

Орталық сайлау комиссиясына барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау, оның дайындығы мен өткізілуін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды қабылдау тапсырылды. Жарлық жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

ТМД ЕЛДЕРІ 2028 ЖЫЛДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кеңейтілген құрамдағы отырысына қатысты.

Сонымен қатар жиынға Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Иран Президенті Масуд Пезешкиан, ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев және ШЫҰ Бас хатшысы Нұрлан Ермекбаев қатысты.

Жиын қорытындысы бойынша ТМД қызметіне және ұйымға мүше елдердің өзара ықпалдастығына қатысты бірқатар құжатқа қол қойылды. Достастыққа мүше елдер басшыларының шешімі бойынша 2028 жыл Әлеуметтік даму және өмір сапасы жылы, ал 2029 жыл ТМД аясындағы көлік байланысы жылы болып жарияланды.

АЛТЫН ДӘН - 2026

Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің мәліметінше, биыл дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 301,0 мың га алқапқа егілген, оның ішінде бидай – 238,9 мың га, арпа – 28,0 мың га, сұлы – 1,9 мың га, астық қоспасы - 0,5 мың га, жасымық - 13,5 мың га, бұршақ - 14,7 мың га, қарақұмық - 1,1 мың га, жүгері астық - 2,3 мың га. Майлы дақылдарды жинау алаңы - 97,7 мың га (қыша – 2,0 мың га, рапс – 37,3 мың га, зығыр – 42,7 мың га, күнбағыс – 15,0 мың га, соя - 0,6 мың га) құрайды.

ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР ТОЛЫҚ ЖИНАЛДЫ, ЕНДІ МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАР ҚАЛДЫ



Ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің хабарлауынша, 15 қазандағы жағдай бойынша бүгінгі таңда ауданда 301,2 мың га (100 %) астыққа шалғы түскен, тиісінше, 301,2 мың га (100 %) дақыл бастырылған. Гектарына 18,5 центнер өнімділікпен 556,8 мың тонна астық қамбаға түсті.

Майлы дақылдар 86,8 мың га (88,8 %) аумақта шабылып, 86,8 мың га (88,8 %) егістік бастырылды, 104,1 мың тонна астық қамбаға түсті. Орташа өнімділік гектарына 12 центнерді құрап отыр.

Қазіргі кезде 69,6 мың тонна (109,5 %) шөп, 31,8 мың тонна (120%) пішен, 31,9 мың тонна (100,2 %) сүрлем, 74,1 мың тонна (128,0 %) сабан, 40,8 мың тонна (100,1 %) жем дайындалды.

Бүгінгі таңда астық жиналған алқаптардың 301,0 мың га жыртылды.

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ 29 ҚАРАШАДА ӨТЕДІ

Орталық сайлау комиссиясы барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын 29 қарашаға белгіледі. Тиісті шешім комиссияның 13 қазанда өткен алғашқы отырысында қабылданды. Кезектен тыс сайлау Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 12 қазанда қол қойған «Барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» Жарлығына сәйкес ұйымдастырылады.



Отырыста елімізде ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанына кеңінен тоқталған Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров: «Біз мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі сайлау науқанына кірісіп отырмыз. Президенттің барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Жарлығына сәйкес сайлау науқанын ұйымдастыруға және өткізуге бағытталған тиісті жұмыстар басталады», деп атап өтті.

Сондай-ақ комиссия төрағасының орынбасары Мұхтар Ерман заңға сәйкес мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауы олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей тағайындалуға тиіс екенін атап өтті.

«Орталық сайлау комиссиясы мәслихаттар депутаттарының кезектен тыс сайлауын 2026 жылғы 29 қарашаға тағайындау туралы қаулы етеді. Мәслихаттар халық тарапынан жалпыға бірдей, тең және тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайланады. Алдағы сайлауда 228 мәслихатта 3 447 депутатты сайлау жоспарланған. Атап айтқанда, 668 мандат – 20 облыстық мәслихатта, 626 мандат – 38 қалалық мәслихатта және 2 153 мандат – 170 аудандық мәслихатта қарастырылған», деді Мұхтар Ерман.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес кандидаттарды ұсыну мен өзін-өзі ұсыну кезеңі 14 қазанда басталып, 27 қазан күні сағат 18:00-ге дейін жалғасады. Партиялық тізімдер мен кандидаттарды тіркеу 1 қараша күні сағат 18:00-ге дейін аяқталуға тиіс. Сайлау алдындағы үгіт 1 қараша күні сағат 18:00-де басталып, 28 қараша күні сағат 00:00-де аяқталады. 28 қараша – тыныштық күні. Сайлау күні дауыс беру учаскелерінде дауыс беру сағат 7:00-ден 20:00-ге дейін өтеді. Сонымен қатар аумақтық сайлау комиссияларының тиісті әкімнің, учаскелік сайлау комиссияларының ұсынысымен дауыс беруді бастап, аяқтайтын басқа уақыт белгілеуге құқылы. Мәслихат депутаттарын сайлау қорытындылары бес күндік мерзімде белгіленеді.

Жалғасы 2-бетте.

ТҰРАҚТЫ КЕЗДЕСУ

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



8 қазан күні аудан әкімі Рақат Смағұловтың төрағалығымен Булаев қаласының тұрғындарымен кездесу өтті. Кездесуге ауданға қарасты ұйымдардың басшылары мен өкілдері қатысты.

Кездесу тұрғындардың Telegram тобында жолдаған көптеген өтініштері ескеріле отырып ұйымдастырылды. Барлық мүдделі азаматтардың қатысуына мүмкіндік жасау мақсатында кездесу жұмыс күнінен кейін, кешкі уақытта өткізілді.

Кездесу барысында электрмен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету, автомобиль жолдарының жай-күйі, абаттандыру және тұрғындар Telegram тобында бірнеше рет көтерген басқа да өзекті мәселелер қаралды. Қатысушылар аудан әкіміне және жауапты ұйымдардың өкілдеріне тікелей жүгініп, түсініктеме алуға және көтерілген мәселелерді шешу жолдарын талқылауға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, кездесуді ұйымдастыруға негіз болған өтініштерді жолдаған тұрғындардың барлығы бірдей кездесуге қатысқан жоқ.

Аудан әкімдігі тұрғындардың өтініштерін қарау және жауапты қызметтермен өзара іс-қимыл жасау бойынша жұмысты жалғастыруда. Тұрғындармен ашық диалог орнату және оларды толғандыратын мәселелерге уақтылы ден қою жұмыстың маңызды бағыттары болып қала береді.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ 29 ҚАРАШАДА ӨТЕДІ

Жалғасы, басы 1-бетте.

ОСК қаулысына сәйкес мәслихат депутаттарының сайлауына «Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы, «Ауыл» партиясы, «Әділет» партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы, Қазақстан Халық партиясы мен «Respublica» партиясы қатысады. Сонымен қатар Нұрлан Әбдіров Орталық сайлау комиссиясына «Amanat» партиясынан Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауына қатыспайтындығы туралы ресми хат келіп түскенін хабарлады.

Осы реттемәслихат депутаттарының сайлауы аралас сайлау жүйесі негізінде өтеді. Бұл жүйеге сәйкес сайлауға саяси партиялар да, бірмандаттық сайлау округтері бойынша кандидаттар да қатыса алады. Осыған байланысты кандидаттар саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер тарапынан ғана емес, өзін-өзі ұсыну тәртібімен де ұсынылатын болады. Заңнамаға сәйкес мәслихат депутаттығына кандидаттар сайлау жарнасын төлеуге міндетті. ОСК мүшесі Әсел Жанәбілованың айтуынша, Конституциялық заңның 104-бабына сәйкес партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар жергілікті атқарушы органдардың шотына партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін заңнамада белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын өз қаражаты есебінен аударады, яғни 425 мың теңге. Ал өзін-өзі ұсыну тәртібімен мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсынылған азамат белгіленген талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін, тіркеуге дейін жергілікті атқарушы органдардың шотына дәл осындай мөлшерде сайлау жарнасын енгізеді.

Сондай-ақ мәслихат депутаттарының сайлауы қарсаңында



еліміздің барлық өңіріндегі сайлау комиссияларының мүшелеріне арналған арнайы оқыту семинарлары өткізіледі.

«Қысқа мерзім ішінде 86 мыңнан астам сайлау комиссиясының мүшесін, оның ішінде 1 729 аумақтық сайлау комиссиясының мүшесін, 15 мыңнан астам округтік сайлау комиссиясының мүшесі мен 70 мыңға жуық учаскелік сайлау комиссиясының мүшесін даярлауды қамтамасыз етуіміз керек. Мұндай ауқымды жұмыс сайлау комиссияларының әр деңгейінде заңнама, рәсімдер мен іс-қимыл алгоритмдерін бірыңғай түсінуді қамтамасыз ететін, жүйелі әрі кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын оқыту жүйесін талап етеді», деді ОСК хатшысы Шавхат Өтемісов.

Осыған орай, ОСК төрағасы электоралдықоқытудыұйымдастыруға жауапты тұлғаларға оқытудың сапалы өткізілуін, сайлау үдерісіне қатысушылардың барынша толық қамтылуы мен оқытудың әр кезеңіне белгіленген мерзімдердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында барлық қажетті шараны қабылдауды тапсырды.

«Сайлау науқаны барысында комиссия мүшелері мен аппаратының қызметкерлері дәстүрлі түрде еліміздің барлық өңіріне инспекциялық сапарлар жасайды. Сапарлар аясында сайлау комиссияларының дайындығы зерделеніп, сайлау үдерісіне қатысушыларға оқыту жүргізіледі, әдістемелік қолдау көрсетіледі. Сайлау науқанының ерекшеліктерін ескере отырып, тиісті оқу жоспарларын қабылдап, олардың іске асырылуын ұйымдастыру маңызды», деп түйіндеді Нұрлан Әбдіров.

Отырыс соңында Нұрлан Әбдіров барлық деңгейдегі сайлау комиссияларының мүшелерін заңнама талаптарын сақтауға үндеп, азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ АЛДЫНДА 86 ООО САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ ОҚЫТУДАН ӨТЕДІ

Мәслихат депутаттарының сайлауы қарсаңында еліміздің барлық өңіріндегі сайлау комиссияларының мүшелері арнайы оқыту семинарларынан өтеді. Бұл үдерісті ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы бүгін Орталық сайлау комиссиясының отырысында ОСК хатшысы Шавхат Өтемісов баяндады.

«Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауын сапалы ұйымдастыру және өткізу сайлау комиссиялары мүшелері мен сайлау процесіне басқа да қатысушылардың өз өкілеттіктерін тиімді орындауына және заңнамада белгіленген сайлау рәсімдерін қатаң сақтауына байланысты. Бұл үшін сайлау заңнамасын жетік білу қажет. Осыған байланысты қысқа мерзім ішінде 86 мыңнан астам сайлау комиссиясының мүшесін, оның ішінде 1 729 аумақтық сайлау комиссиясының мүшесін, 15 мыңнан астам округтік сайлау комиссиясының мүшесін және 70 мыңға жуық учаскелік сайлау комиссиясының мүшесін даярлауды қамтамасыз етуіміз керек. Мұндай ауқымды жұмыс сайлау комиссияларының әр деңгейінде заңнама, рәсімдер мен іс-қимыл алгоритмдерін бірыңғай түсінуді қамтамасыз ететін, жүйелі әрі кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын оқыту жүйесін талап етеді», - деп хабарлады Шавхат Өтемісов.

ОСК хатшысының айтуынша, оқыту процесі сайлау комиссияларының бір деңгейінен екіншісіне білім мен әдістемелік тәсілдерді кезең-кезеңімен жеткізу қағидаты бойынша ұйымдастырылады. Бұл тәсіл сайлау заңнамасын бірыңғай түсінуді және барлық деңгейдегі комиссиялардың өзара үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар орталық деңгейде тұрақтыонлайн кеңестермен жиналыстар өткізіліп тұрады. Оның аясында аумақтық сайлау комиссияларының басшылары мен жауапты мүшелеріне жекелеген сайлау рәсімдерін қолдану ерекшеліктері және сайлау науқаны барысында туындайтын практикалық мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

ОСК МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ҚАНДАЙ САЙЛАУ ЖАРНАСЫН ТӨЛЕУІ КЕРЕКТІГІН ТҮСІНДІРДІ

Ағымдағы сайлау науқанының ерекшелігі - аралас сайлау жүйесінің қолданылуы. Бұл жүйе бойынша сайлауға саяси партиялар да, бірмандаттық сайлау округтері бойынша кандидаттар да қатыса алады.

Осыған байланысты кандидаттар саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер тарапынан ғана емес, өзін-өзі ұсыну тәртібімен де ұсынылатын болады. Заңнамаға сәйкес, мәслихат депутаттығына кандидаттар сайлау жарнасын төлеуге міндетті. Сайлау жарнасын кімдер және қандай мөлшерде төлеуі тиіс, сондай-ақ қандай жағдайларда жарнаның қайтарылатыны Орталық сайлау комиссиясының бүгінгі отырысында түсіндірілді.

Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Әсел Жанәбілова бұл норманың сайлау процесіне қатысушылардың жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 104-бабына сәйкес, партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар жергілікті атқарушы органдардың шотына партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін заңнамада белгіленген ең төменгі жалақының бес еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын өз қаражаты есебінен аударады. Қазіргі уақытта бұл сома 425 000 теңгені құрайды. Ал өзін-өзі ұсыну тәртібімен мәслихат депутаттығына кандидат ретінде ұсынылған азамат белгіленген талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін, тіркеуге дейін жергілікті атқарушы органдардың шотына дәл осындай мөлшерде сайлау жарнасын енгізеді.

«Сайлау нәтижелері бойынша саяси партия дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде бес пайызын алған жағдайда, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген жалғыз кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген сайлау жарнасы саяси партияға қайтарылады. Сайлау нәтижелері бойынша кандидат мәслихат депутаты болып сайланған немесе дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде бес пайызын алған жағдайда, сондай-ақ кандидат қайтыс болған жағдайда енгізілген сайлау жарнасы кандидатқа қайтарылады. Қалған барлық жағдайларда енгізілген сайлау жарнасы қайтарылмайды және республикалық бюджет кірісіне аударылады», деп хабарлады Әсел Жанәбілова.

Тиісті аумақтық сайлау округі бойынша мәслихат депутаттарының алдыңғы сайлауында дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының бес және одан да көп пайызын алған саяси партиялар сайлау жарнасын төлеуден босатылады. Ал алдыңғы сайлауда үштен бес пайызға дейінгісін алған саяси партиялар сайлау жарнасын осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген мөлшердің елу пайызы көлемінде, бірден үш пайызға дейінгісін алған саяси партиялар сайлау жарнасын осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген мөлшердің жетпіс пайызы көлемінде төлейді.

ҚАРАҚОҒА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындаеы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес 2026 жылеы 14 қазанда Маежан Жұмабаев ауданының аумақтық сайлау комиссиясы Солтүстік Қазақстан облысы Маежан Жұмабаев ауданы Қарақоеа ауылдық округі әкімдігіне келесі кандидаттарды тіркеді:

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
Әбділдина Ләззат Сәденқызы	1984	Персоналды басқару бойынша құрылымдық бөлімшесінің персоналды басқару және кадрлық іс-қағаздарды бақылау бойынша бас инспекторы, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің аппараты» КММ-сі, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған
Мұқашев Жанболат Хазиезұлы	1972	Әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-сі, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Қарақоға ауылы. «Әділет» партиясы ұсынған
Соколова Анастасия Юрьевна	1992	Жалпы мәселелер жөніндегі бас маман, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-сі, тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Конюхово ауылы. Өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынылған

Мағжан Жұмабаев ауданының аумақтақ сайлау комиссиясы.

18 ҚАЗАН - РУХАНИ КЕЛІСІМ КҮНІ

РУХАНИ КЕЛІСІМ КҮНІ: БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ

18 қазан – Қазақстанда ерекше күн — Рухани келісім күні. Бұл күн қоғамымыздың негізгі құндылықтарына – бейбітшілікке, өзара құрмет пен бір-бірін түсінуге қайта назар аудару күні. Мерекенің тарихы 1992 жылдың қазан айында басталды, сол жылы Алматыда Әлемдік рухани келісім конгресі өтті. Сол кезде қатысушылар манифест қабылдап, бұл күнді қақтығыстарға тыйым салу, мейірімділік пен өзара түсінушілік іздеу уақыты деп жариялады.



Жақында, 7 қазанда, Астанадағы Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезі хатшылығының XXIV отырысы өтті. Бұл диалог алаңында ислам, христиан, иудаизм, буддизм және басқа да конфессиялардың рухани лидерлері мен 20 елдің мамандары кездесті. Отырыста Қазақстанның вице-президенті Ерлан Карин рухани дипломатияның халықаралық тұрақсыздық жағдайында ерекше рөлін атап өтті. Ол бұл дипломатия сенім орнатуға көмектесетінін және адам өмірінің құндылығын еске салатынын, әрі маңызды коммуникациялық арна екенін айтты.

Қазақстан – көп ұлтты ел, мұнда түрлі этнос пен дін өкілдері бірге өмір сүреді және еңбек етеді, мәдени дәстүрлерін және рухани құндылықтарын сақтайды. Біздің ортақ байлығымыз – өзара құрмет пен сенім, бейбіт өмір сүруге ұмтылыс. Барша республика көлемінде бұл күн достық жеңісін еске салса, ал біздің Мағжан Жұмабаев ауданы тұрғындары үшін ерекше, жеке жылы сезімдер сыйлайды. Мағжан жері — бұл бірегей өңір, онда көптеген онжылдықтар бойы бейбітшілік пен үйлесімде өмір сүріп, отбасылар құрып, еңбек етіп жүрген түрлі этнос пен дін өкілдері бар. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев, оның есімі біздің ауданның мақтанышына айналған, өз шығармаларында гуманизм, Отанды сүю мен ішкі тазалық идеяларын жырлаған. Оны символ ретінде алсақ, оның рухани мұрасы бүгін біздің жерлестердің бірлігін нығайту үшін берік негіз болуда. Мағжандық болу — бұл көршіңің дәстүрін шын жүректен бағалап, ұлттық мерекелерімен бөлісіп, қиын сәтте көмектесуге дайын болу.

Біздің ауданда қоғамдық келісім — бұл абстрактілі ұғым емес, күнделікті өмірдің шындығы. Бұл процесте жергілікті қоғамдық институттар маңызды рөл атқарады: этномәдени және діни ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық кеңестер мен волонтерлік қозғалыстар. Олар адамдар арасындағы конструктивті диалогты құрып, азаматтарды ортақ мақсаттарға біріктіреді.

Осы жүйеде этномәдени және діни ұйымдардың рөлі ерекше. Біздің ауданымызда олардың саны 20-дан астам. Олар арқылы түрлі халықтардың дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен мәдени мұрасы сақталуда. Сонымен қатар, әлеуметтік және қайырымдылық жобаларын жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдардың да үлесі зор. Әртүрлі этнос пен дін өкілдерінің ізгі істерге бірлесе қатысуы біздің қоғамда ортақ көп нәрсе бар екенін көрсетеді, айырмашылықтардан гөрі ұқсастықтарымыз көп. Сонымен қатар, волонтерлер мен қоғамдық сектордың да еңбегі маңызды. Бірлесе жасалған қайырымдылық акциялары, ардагерлерді қолдау, мұқтаж отбасыларға көмектесу және туған жерлерді абаттандыру – бәрі де халықты этникалық немесе діни қатыстылығына қарамастан біріктіреді. Жақсылық істері — бұл мейірімділік пен жауапкершілік алдында бәріміз біргеміз дегенді дәлелдейді.

Жастармен жұмыс ерекше маңызды. Өйткені, болашақ елді жастар анықтайды, сондықтан оларға азаматтық жауапкершілік, патриотизм және кереғарлық көріністеріне төзбеушілікті тәрбиелеу керек. Қазіргі жағдайда ақпарат кеңістігінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру маңызды. Фейк жаңалықтар мен жауыз тілдің әлеуметтік желілерде таралуы қоғамға теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан әр қолданушының жауапкершілігін арттыру – өте маңызды. Әр жазылған сөз үшін жауапкершілік, сыни ойлау және провокацияларға берілмеу — ақпарат кеңістігінде медиасауаттылықтың негізгі факторлары.

Ұлтаралық және конфессияаралық әлем бізге оңай келмейді — ол үздіксіз назар, өзара сенім және бір-біріне мұқият қарауды талап етеді. Мемлекеттік органдардың, мәдени орталықтардың және әрбір тұрғынның бірлесе жұмыс жасауы біздің Мағжан Жұмабаев ауданымыздың тұрақты дамуы, келісім мен бірліктің кепілі болмақ, әрі болашаққа сеніммен қарауға негіз болмақ.

Сәуле НҰРҚАЙДАРОВА,
ішкі саясат бөлімінің басшысы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА - 90 ЖЫЛ

ШАҒЫН ҚАЛАЛАР: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІПАҒЫН ҚАЛАЛАРДА ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕ КӨП. МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУҒА ҚАРАМАСТАН БҰЛ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ МҮМКІН ЕМЕС. ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ТОЗУЫ, ТӨМЕН ЖАЛАҚЫ, ӨМІР САПАСЫНЫҢ НАШАРЛАУЫ ӨҢІРГЕ ТӘН ТҮЙТКІЛГЕ АЙНАЛЫП КЕТТІ. ШАҒЫН ҚАЛАЛАРДАН ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТТІ АДАМДАРДЫҢ КӨШУІ ЖИІЛЕДІ.



Өңірдегі әр елді мекеннің өзіндік қайталанбас тарихы бар. Облыстың өткеніне көз жүгіртіп, көші-қон, миграция өзгерісін тұтас қамту үшін облыс орталығы ғана емес, шағын қалалардың дамуына да мән берген жөн. Өкінішке қарай, өлке тарихын зерттеуде бұл тақырып тасада қалып келді. Шағын қалалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Елді мекендердің қалыптасу, даму кезеңі өңірдің өткенімен сабақтасып жатыр. Бұған қоса, аталған тақырыптағы зерттеулер жергілікті жерде ұзақ жылдар бойы туындаған күрделі мәселелерді анықтап, оларды шешуге ықпал етеді.

Шағынқалалар-жергіліктіэкономиканың орталығы. Ондағы өндіріс, ауыл шаруашылығы мен инфрақұрылымды зерделеу халық тұрмысын жақсартудың басым бағыттарын көрсетеді. Солтүстік Қазақстан облысының шағын қалаларына Булаев, Мамлютка, Сергеевка, Тайынша елді мекендері жатады. Бұл қалалардың өзіндік өмір салты мен мәдениеті қалыптасты. Өңірдің аграрлық шаруашьшығы мен шекара маңында болуы да шағын қалалардың дамуына әсер етті. Мәселен, төрт қаланың үшеуі темір жол желісіне жалғанған.

Тарихшы М.И. Бенюхтың жазуынша, Булаев қаласының негізі 1894 жылы қаланған. 1969 жылы оған қала мәртебесі берілді. Аудан орталығында әлеватор, нан зауыты, аурухана, дәріхана, Мәдениет үйі мен білім мекемелері жұмыс істеді. Бұл қала арқылы Транссібір темір жолы мен мемлекетаралық автожол өтеді.

Мамлютка қаласының пайда болуы туралы алғашқы деректер XVIII ғасырдың екінші жартысына тиесілі. 1894 жылдың 11 шілдесінде Мамлютка станасы арқылы алғашқы жүк пойызы өтті. 1905 жылы мұндағы тұрғындар саны 200-ге жеткен. 1929 жылы медициналық пункт пен дәріхана, 1933 жылы аурухана салынған. 1936 жылы сегізжылдық мектепте 600 бала оқыған. 1942 жылы тракторларды жөндеу мақсатында Мамлют машина жасау зауыты ұйымдастырылды. 1959 жылдың 25 маусымында Мамлютқаға қала мәртебесі берілді.

Сергеевка қаласы бұрынғы Құлеке батыр әулетіне тиесілі жерде салынған. 1903 жылы мұнда 417 адам тұрған. Ауылда екі дүкен, тері өндейтін орын мен диірмен жұмыс істеген. Тың игеру жылдары халық саны күрт өсті. 1969 жылы тұрғындары 10 мыңнан асып, Сергеевка қала атанды.

1922 жылы Петропавл-Көкшетау темір жолының салынуы қазіргі Тайынша қаласының пайда болуына әсер етті. Жол бойында Тайынша стансасы салынып, вокзал, жұмысшылар үйі, қойма бой көтерді. Соғыс жылдары комбинат ашылып, онда снарядтар тасуға арналған жәшіктер құрастырылды. Соғыстан кейін Тайынша мен оның маңындағы Ново-Сухотино ауылы қосылып, елді мекенге Ново-Сухотино атауы берілді. 1962 жылы кент атауы Красноармейск болып өзгеріп, қала мәртебесін алды. 1997 жылы қала аты Тайынша болып, Солтүстік Қазакстан облысының аумағына кірді.

Соңғы жылдары шағын қалалардың төртеуінде де халық саны күрт азайып, күні бүгінге дейін 1989 жылғы көрсеткішке жете алмай келеді. Бұған тоқсаныншы жылдардағы жұмыссыздық пен өзге этностардың атамекеніне кетуі әсер етті. Туу көрсеткіші де азайды. 1989-1999 жылдар аралығында шағын қала тұрғындары 20,5 пайызға кеміген. 2009-2021 жылдары Булаев, Тайынша, Сергеевка қалаларында демографиялық ахуал оң сипат ала бастады. Егемендік жылдары Мамлютка қаласының тұрғындары айтарлықтай азайды. 1989 жылы мұнда 11539 адам тұрса, 2025 жылы 6783-ке дейін азайған.

Шағын қалаларды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Сергеевкада сүт, май зауыты, Булаевта май зауыты салынғанмен мұның демографияға айтарлықтай әсері болған жоқ. Қала халқының ішінде қарттардың үлесі өсті. Бұл әлеуметтік нысандардың жүктемесін арттырып, шығынды көбейтті. Мемлекет тарапынан шағын қалаларға жастарды тарту, оңтүстік өңірлерден отбасыларды қоныстандыру мен қандастарға жағдай жасау сияқты шаралар қолға алынды. Кей жылдары қалалардың халық саны аудандағы шағын ауыл тұрғындарының орталыққа қоныс аударуы есебінен де артқанын атап өткен жөн. Мысалы, 2012 жылы Мамлют ауданындағы болашағы жоқ 3 ауылдағы 11 отбасы қалаға көшірілген. Ұлтгық статистика бюросының былтырғы мәліметіне сай өңірдегі 4 шағын қалада жалпы саны 36896 адам тұрады.

Бүгінде бұл қалаларда тарихы терең кәсіпорындар жұмыс істейді. Булаев, Сергеев май зауыттары тұтынушыға кеңінен танылды. Тоқсаныншы жылдары мал фермаларының тарауы аталған кәсіпорындардың жұмысына кері әсер етті. Зауыттардың өнім көлемі енді ғана кеңестік кездегі көрсеткіштерге жақындап келеді. Ал Мамлютка қаласында 1927 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан ұн үгу комбинаты жаңғыртылды. Алайда өндіріс орындарының бәрі нарықтағы өз орнын сақтап қала алмады. Тайынша, Сергеев қалаларындағы темір-бетон бұйымдар зауыттары жабылды. Кеңес кезінде мұнда үйлер мен фермаларға арналған панель блоктар шығарылған. Бір ғана Тайынша зауытында 240 шақты адам еңбек еткен. Құрылыс қаркыны бәсеңдеген соң зауыт өнімдеріне деген сұраныс та азайды. Сергеев қаласындағы дәнекерлеуге арналған өнім шығаратын азот-оттегі зауыты да нарық заманына бейімделе алмады. Кенес кезінде көптеген кәсіпорындар жоспарлы түрде жұмыс істеп тұрды. Жаңа заманда мемлекет тек негізгі нысандарды ғана бақылауға алып, су торабы мен темір жол стансаларының жұмысын тоқтатқан жоқ. Қалған кәсіпорындар нарық заңына сай өзінше жұмыс істеді. Қалаларда шағын кәсіпкерлік нысандары пайда болды. Кәсіпкерлердің көбі сауда, қызмет көрсету саласында еңбек етті. Алайда олар салық төлеп, жаңа жұмыс орындарын ашатын күйде емес еді. Сондықтан шағын кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бірнеше мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Қолдаудың арқасында жергілікті кәсіпкерлер өз ісін дамытып, тұрғындар қажеттілігіне



арналған өнімдер шығара бастады.

Алайда демографиялық дағдарыстан шығу үшін бұл жеткіліксіз. Өмір сапасы, экономикалық тартымдылық, жалақы деңгейі, тұрғын үй қолжетімділігі, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мен инфрақұрылым дамымай, халық саны бұрынғы көрсеткіш ке жетпейді. Ол үшін арнайы бағдарлама мен мемлекет, бизнес пен агрокұрылымдардың бірлескен жұмысы қажет.

Қазақстандағы шағын қалаларда қордаланған мәселе көп. Мемлекеттік қолдауға қарамастан бұл мәселелерді шешу мүмкін емес. Инфрақұрылымның тозуы, төмен жалақы, өмір сапасының нашарлауы өңірге тән түйткілге айналып кетті. Шағын қалалардан еңбекке қабілетті адамдардың көшуі жиіледі. Жұмыс күші көп өңірлердің тұрғындары мен қандастарды қоныстандыру ел күткендей әсер бермеді. Тұрғындардың сыртқа көшуі ішкі өсімнен едәуір асып түсті. Соның салдарынан шағын қалалар жылдан жылға кішірейіп барады.

Шағын қалалар туралы сөз еткенде олардың әрқайсысының өзіндік артықшылығы бар екенін ескерген жөн. Бірінщіден бұл елді мекендерде ауылшаруашылығы өнімдерін өндеу әлеуеті мол. Екіншіден, егемендік жылдары мұнда мол капитал мен тәжірибе жинақтаған кәсіпкерлер пайда болды. Олардың мүмкіндігін де қала дамуы үшін тиімді пайдалануға болады. Болашақта шағын қалалардың өзіндік ерекшелігі мен тарихын, халықтың казіргі қажеттілігін ескере отырып, тың жобалар жүзеге асса, түйінді мәселелер шешімін тауып, қала өміріне қан жүгіретініне сенім мол.

Нұрболат АБУОВ,
Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты филиалының директоры,

Гаухар ІЛИЯСОВА,
Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің оқытушысы.

18 ҚАЗАН - ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ОРМАНШЫНЫҢ БҮГІНГІ ЕҢБЕГІ – ЕРТЕҢГІ ЖАСЫЛ БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Орманшы - үлкен жауапкершілікті, төзімділікті және табиғатқа деген ерекше сүйіспеншілікті талап ететін мамандық. Сондықтан бұл кәсіпке кездейсоқ адам келе алмайды. Орманшы тек өзіне бекітілген орман алқаптарын аралап қана қоймай, орманды күзету мен сақтау, алқаптарды молықтыру, ағаш отырғызу, заңсыз ағаш кесуді алдын алу, тіпті жануарлар дүниесін қорғауға атсалысады. Міне, қазан айының үшінші жексенбісінде елімізде табиғат қорғау саласында еңбек ететін мамандардың құрметіне Орман шаруашылығы қызметкері күні аталып өтеді.



Осы жолы біз Конюхов орман шаруашылығының орман шебері Азамат Оспанов жайлы әңгімелеп, орманшының күнделікті қызметіне тоқталатын боламыз.

Азамат Ерсінұлы 1989 жылы 26 тамызда Түркістан облысы, Келес ауданы, Игілік ауылында дүниеге келген. 2009 жылы «Шымкент аграрлық колледжі» МКҚК «Орман шаруашылығын ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітірген.

А.Е. Оспанов 2016 жылы жұмыс күші артық оңтүстік өңірден жұмыс қоры тапшы солтүстік аймаққа көшіп келіп, «Булаев орман шаруашылығы» КММ-де Конюхов орман шаруашылығындағы №4 учаскесінің орман шебері қызметіне кіріседі.

Өңірдің қалың қайың тоғайларына, көркікті көлдеріне және тұмса табиғатына тамсанған Азамат бір жылдан кейін әке-шешесін де көшіріп алып, қазір «Аққайындар өлкесінде» тамырын тереңге жайып отыр.

2026 жылы Конюхов орман шаруашылығының № 6 учаскесінің орман шебері болып тағайындалған Азамат Ерсінұлын басшылық та, әріптестері де орман шаруашылығының сауатты әрі жауапты маманы, мамандығы бойынша үлкен білімге ие қызметкері ретінде құрметтейтіні жасырын емес.

Оның басшылығымен оған бекітілген 6663 га учаскеде 5 орман айналым бар. Биыл ол 100 кг қайың тұқымын, 9 кг бұтақты шегіршін тұқымын және 385 кг қарапайым қарағай бүршігін жинап, тапсырған майталман орманшы.

Он жылдан астам тәжірибесі бар орман шебері өзіне сеніп тапсырылған аумақта өрт қауіпсіздігі және орман бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударады. Орман өрт сөндіру құралымдарының жұмысын нақты ұйымдастырудың және тұрақты патрульдеудің арқасында сеніп тапсырылған аумақта ірі орман өрттеріне және заңсыз ағаш кесу жағдайларына жол берілмеген екен.

Конюхов орман шаруашылығының басшысы Талғат Әлімбаевтың айтуынша, Азамат Оспановтың ұйымдастырушылық қабілеті, стратегиялық ойлауы және күрделі, стандартты емес жағдайларда салмақты шешім қабылдау қабілеті бар. Өзіне талапшыл, орындаушылық тәртіпке және қауіпсіздік техникасын сақтауға көп көңіл бөлетінін жеткізді.

- Қазір № 6 учаскеде жұмыстың қызған шағы. Біз таң атқаннан кеш батқанша дейін ағаш отырғызу жұмыстарымен айналысып жатырмыз. Көктемде 170 га алқапқа қайың, шегіршін, үйеңкі және қарағай тұқымдарын ектік. Күзгі жоспар – 186 га құрайды. Сондықтан ауа райының қолайлығын пайдаланып, орманды молықтыру ісіне ден қойдық. Жалпы учаскемізде бір бірлік МТЗ трактор, ағаш отырғызу және өртке қарсы құрал-жабдықтармен толық қамтамыз етілген УАЗ автокөлігі бар, - дейді орман шебері.

Азамат Ерсінұлының айтуынша, кеспеағаштарды бөлу және таксациялау бойынша барлық жоспарлы тапсырмалар орындалып, тиісті аумақта тәртіп толық сақталуда. Сонымен бірге, ол орман күзетімен куәландыру актілерін жасай отырып, ағаш кесу орындарын зерттеп-қарауды, орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын анықтауға арналған орман патологиялық зерттеп-қарауды уақтылы жүргізіп, бұзушылықтарға жол бермеудің алдын алуда.

Әңгіме барысында түсінгеніміз орманшының еңбегі оңай емес. Орманшы мамандығына шынында да тек төзімді, сабырлы, табиғатты аялай алатын адам ғана бара алады. Сондықтан орман шаруашылығы саласында еңбек ететін адамдар өз мамандығына шынайы берілген жандар. Себебі, олар уақытпен санаспайды. Тіпті, қыс алдында өрт қауіпті кезең аяқталғанымен олар бекітілген алқаптарын аралап, тексеру жүргізуді жалғастыра береді.

Сондай-ақ олар орман өрттерінің алдын алу мақсатында жиі рейд жұмыстарын ұйымдастырып, өз аумағында заңсыз аң аулауды болдырмау үшін тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Содан болар, орман шаруашылықтардың басты мақсаты – орман шаруашылығын дамыту, орманды молықтыру, алқаптарды өрттен, заңсыз ағаш кесуден, жас өскіндер аумағында мал жаюдан, шабындық жерлерді шабудан қорғау.

«Адамзаттың тіршілігі – табиғатпен байланысты» десек, жасыл желексіз айналаны елестету мүмкін емес. Біздің өңірдің табиғатын, жануарлар дүниесі мен құстарының тыныстіршілігін бес саусағындай білетін орманшылардың еңбегі орасан зор.

Ендеше, табиғатпен тілдесе білетін мамандарды мерекелерімен құттықтап, дендеріне саулық, білектеріне күш-қуат, отбасыларына амандық пен молшылық тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

19 ҚАЗАН - ҚҰТҚАРУШЫ КҮНІ

ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР

Осыған орай, күнделікті қызметінде дабыл бойынша отпен күресіп, адамдардың өміріне араша түсіп жүрген құтқарушы - Булаев қаласындағы №12 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі Ерлан Мыжиканов жайлы әңгімелейміз.

Ол 1995 жылы 19 мамырда Рощино ауылында Амангелді мен Ләззат Мыжикановтардың отбасында дүниеге келген. 1-9 сыныптарды Рощино ауылында бітіріп, 10-11 сыныптарды Совет орта мектебінде тәмамдаған. Саналы өмірін ауылда өткізген кейіпкеріміз Булаев қаласындағы кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжіне оқуға түсіп, дәнекерлеуші мамандығын таңдайды. Мақсаты - ауылдағы қосалқы шаруашылықпен айналысатын ата-анасына қолғабыс қылу.

Үш жыл оқып, болашақ мамандығының қыр-сырын меңгерген Ерлан диплом алып, әскерге аттанады. 2015-2016 жылдары ҚР ІІМ Ұлттық Ұланның Шымкент қаласындағы №6506 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеп, аман-есен елге оралады.

Бойына күш-қуат жинап, әскердің қиыншылығына төзіп келген жас жігіт ата-анасының жанында болып, шаруашылыққа ден қояды. 2020 жылы Булаев қаласына көшіп келгенше, ауылда мал шаруашылығымен айналысқан Ерлан Амангелдіұлы өмірінің жаңа кезеңіне аяқ басып, «Булаев Су» ЖШС жұмысқа кіреді. Мұнда ол бір жылдай еңбек етіп, 2021 жылдың сәуір айында тиісті құжаттар жинап, медициналық тексеруден өткен соң, №12 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі болып қызметке тұрады.

Сол уақыттан бері азаматтық қорғаудың кіші сержанты Ерлан Мыжиканов талай рет тілсіз жаумен күресіп, адамдардың өміріне араша түсіп, тұрғын үй секторындағы және даладағы өрттерді жоюға атсалысып келеді.

Тілсіз жаумен әрдайым бетпе-бет келетін бұл мамандық иелерінің жұмысы қашанда қауіп-қатерге толы. Себебі, олар кез келген сәтте өзіне тап беруі мүмкін қызыл жалынды ауыздықтап, ең алдымен адам өмірін сақтауды мақсат етеді. Өмір мен өлімнің арасында жүру қаншалықты



Құтқарушы болу – өзгенің өміріне үлкен жауапкершіліктен қарап, ешқашан қашып құтыла алмайтын қалың. Адамзаттық қорғау саласы қызметкерлері үшін құтқару, сақтау, көмектесу, қорғау – ең басты міндет. Осындай жауапкершілігі мол, қиын және қауіпті салада жүрген төтенше жағдай қызметкерлері өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқаруда. Қандай қиыншылыққа тап келсе де олар барлығына жігерлілік танытуда. Төтенше жағдайға тесқарыл қойып, тұрғындар өмірін құтқаруда ерен еңбек сіңіріп жүрген әр қызметкердің жұмысы – ерлікпен пара-пар.

қауіпті болса да, бастарын бәйгеге тігеді.

Айтпақшы, Ерлан Амангелдіұлының жан жары Бақтыгүл Бақтыбайқызы да Петропавл қаласында ТЖБ радиотелефонист болып еңбек етеді. Ол қиындыққа тап болған жандардан хабар алып, құтқарушыларға лезде хабар береді. Осылайша, төтенше жағдайлармен қарсы қызметте Мыжикановтар жанұясы да жұп болып, абыройлы қызмет атқарып, тілсіз жаумен күресуге өз үлестерін қосуда. Жас шаңырақта Мәриям мен Амина есімді екі сұлу қыз өсіп келеді. Олар да болашақта ата-анасының жолын қуады деген сенімдеміз.

Иә, жүректілік пен батылдықты талап ететін мамандықтың біз білмейтін қыр-сырлары көп-ақ. Ал, олардың атқарып жатқан еңбектері өлшеусіз. Бұл турасында кейіпкеріміз оған бір адамның емес, бүкіл команданың күші керек екендігін айтады.

- Жалпы, бұл салаға келген әрбір қызметкер өз қызметін жақсы білуі тиіс. Өйткені, бізге ең алдымен шапшаңдық пен батылдық қажет. Кез келген уақытта құрал-саймандарымыз сақадай сай болуы міндетті. Ол үшін күнделікті дайындық жаттығулары болып тұрады. Негізінде біздің команданың күші ең алдымен – бірлік пен сенімде. Оған қоса, қайсарлық пен қырағылықта. Сондай-ақ, өрт сөндірушілер уақытында төтенше бел буып, әп-сәтте шешім қабылдай алатын мінезді болуы керек, - дейді Е.А. Мыжиканов.

Иә, кейіпкеріміз туралы әріптестері де жақсы пікірде. Олар Ерлан Амангелдіұлының антқа берік, қызмет қиындықтарын табанды түрде көтеретіндігін, үнемі кәсіби білімін, дағдысы мен шеберлігін жетілдіріп отыратындығын айтады. Оған қоса, ол өрт сөндірушілердің саптық бой түзетуін және дене төзімділігін шыныктырып, техника қауіпсіздігі ережелері талаптарын қатаң сақтай отырып, бөлімшенің жеке құрамымен орындалуына бақылау жасайды.

Өзіне тапсырылған жұмыстарға жауаптылықпен қарап, бұлжытпай тиянақты орындайтын Ерлан Амангелдіұлы бірнеше рет марапатқа ие болған: атап айтқанда, 2022 жылы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің Алғыс хаты және 2024 жылы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің Алғыс хаты.

Иә, өрт сөндірушілер мен құтқарушылар – қазіргі заман қаһармандары, ерлік пен өрліктің үлгісі десек, артық айтқанымыз емес. Сондықтан, күн сайын адамдарды түрлі төтенше жағдайдан құтқарып, өзінің өмірінен бұрын, өзгелердің қауіпсіздігін ойлайтын өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың атқарып жүрген жұмысы қашанда құрметке лайық.

Себебі, олардың қызметінің астарында біз білмейтін күш, жүректерінде батылдық пен ерлік жатыр.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

АУДАНДЫҚ ӨНЕРПАЗДАР БАЙҚАУЫ



«БІЗ ТАЛАНТТАРДЫ ІЗДЕЙМІЗ!»

Өткен сенбі күні аудандық Мәдениет үйінде «Біз таланттарды іздейміз!» атты аудандық байқау өтіп, ауылдық елді мекендерде тұрып жатқан дарынды жастар қатысты.

Ауданның түкпір-түкпірінен келген өнерлі жастар төрт номинация бойынша бақ сынасып, қатысушылар өздерінің вокалдық қабілеттерін, хореографиясын, театрлық және аспаптық шеберліктерін жоғары деңгейде көрсете білді.

Сайыс қорытындысы бойынша әр номинацияның жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталды. Мәселен, «Вокал» аталымында Артур Даутов жеңімпаз атанса, Қарақат Қайратқызы 2-ші орынды иеленді, ал Әсел Сыпабек 3-ші орынға тұрақтады.

«Хореография» номинациясында Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп бас жүлдені иеленсе, Булаев қаласының кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжі 2-ші орыннан көрінді, ал «Искорка» би ұжымы 3-ші орынға жайғасты.

«Театрлық өнер» аталымында өнер көрсеткен Әйгерім Бейсеева, Гүлжахан Оразбаева және Мадияр Молдабек «Алжир» көрінісімен үздік атанды. Булаев қаласының кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжі «Анна күнделігі» қойылымымен 2-ші орынға табан тіресе, Людмила Коробейникова «Күйеу таңдауы» монологымен 3-ші орынға лайықты деп танылды.

«Аспаптық өнер» номинациясында Салтанат Қайратқызы ұлттық аспап - домбырамен «Аққу» күйін орындап, байқау жеңімпазы атанды.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломмен және ақшалай сертификаттармен марапатталды, атап айтқанда, 1-ші орынға - 100 000 теңге, 2-ші орынға - 70 000 теңге және 3-ші орынға - 50 000 теңге. Ал қалған қатысушыларға Алғыс хаттар табыс етілді.

Барлық қатысушыларға шығармашылық табыс пен жаңа биіктерді бағындыруды тілейміз!

Ғалия ЖАКЕНОВА,
аудандық Мәдениет үйінің директоры.

ЕРКІН КҮРЕС



ЖАС БАЛУАНДАР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРДЕН ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ

2-4 қазан аралығында Көкшетау қаласында 2014-2015 және 2016-2017 жылы туған жасөспірімдер арасында еркін күрестен «Болашақ Чемпиондар» республикалық турнирі өтті. Жарысқа Астанадан 2 команда, Атбасар, Павлодар, Қостанай, Көкшетау қаласынан 4 команда және Солтүстік Қазақстан облысынан Уәлихан, Қызылжар, Ақжар, Тайынша, Аққайың, Мағжан Жұмабаев аудандарынан 250 балуан қатысты.

Республикалық турнирге мағжандық спортшылар аудан намысын абыроймен қорғап, лайықты өнер көрсетті. Атап айтқанда, 2014-2015 жылы туған балуандар арасында 32 келі салмақта белдескен Гончарук Глеб және 35 келі салмақта күрескен Кашкаров Евгений күміс жүлдегер атанды.

Ал 2016-2017 жылы туған жасөспірімдер арасында 36 келі салмақта Сәрсімбаев Арсен және 2014-2015 жылы туған балалар арасында 57 келі салмақта өнер көрсеткен Иванченко Никита екі-екі жекпе-жектен өткізіп, қарсыластарына ұпай саны бойынша ғана жол берді.

Жаттықтырушы-оқытушы Ризабек Үкеновтың жүлде алған шәкірттері дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Осы ретте, «Үлгілі» ЖШС директоры Қуатбеков Данияр Дәуітұлына жас балуандардың республикалық турнирге қатысуына қолдау жасап, мүмкіндік бергені үшін алғыс білдіреміз.

Ермек ИСМАҒҰЛОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданының БЖСМ басшысы.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

ҮЗДІКТЕР ТЕННИСШІЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

11 қазан күні Қарақоға ауылында ересектерді қолдау айлығына арналған үстел теннисінен ересектер мен жастар арасында аудандық турнир өтті.

Әйелдер арасындағы жеке біріншілікте Разина Вера (Булаев қаласы) жеңімпаз атанды. Николаенко Илона 2-ші орынды иеленсе, Айдарханова Айсана (екеуі де - Қарақоға ауылы) 3-ші орын алды.

Ересектер арасында Мацаков Александр (Қарақоға ауылы) 1-ші орынды жеңіп алса, Разина Вера (Булаев қаласы) күміс жүлдегер атанды, Абакумов Даниил (Медвежка ауылы) қола медальды міне тұтты.

Барлық жүлдегерлер грамоталармен, медальдармен және ақшалай жүлде қорымен марапатталды.

Қанат МҰСАТАЕВ,
ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



ҚАНДАЙ МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАР САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ?



Банктер бақылау критерийлеріне сәйкес келетін барлық жеке тұлғалардың мобильді аударымдары туралы деректерді мемлекеттік кірістер органдарына береді. Бұл талап жеке кәсіпкер ретінде тіркелген азаматтарға да қатысты. Бұл туралы Мемлекеттік кірістер комитеті мәлімдеді.

«Жеке кәсіпкер ретінде тіркелген-тіркелмегеніне қарамастан, белгіленген критерийлерге сәйкес келетін барлық жеке тұлғалар туралы мәліметтер мемлекеттік кірістер органдарына беріледі», делінген Мемлекеттік кірістер комитетінің хабарламасында.

Бақылау кезінде кәсіпкерлік қызметке арналмаған банктік шотқа түскен қаражат ескеріледі. Егер жеке кәсіпкер тауарлар мен қызметтер үшін төлемді жеке картасына қабылдаса, мұндай түсімдер де ресми тіркелмеген жеке тұлғалардың аударымдары сияқты бақылауға алынады.

2026 жылы қандай мобильді аударымдар бақыланады?

Банктер мәліметтерді төмендегі үш шарт бір мезгілде орындалған жағдайда ғана береді:

- Аударымдар 100 немесе одан да көп түрлі адамнан түсуі керек.

- Ақша қатарынан үш күнтізбелік ай бойы ай сайын түсіп отыруы қажет.

- Осы үш айдағы аударымдардың жалпы сомасы 12 ең төменгі жалақыдан (ЕТЖ) асуға тиіс. 2026 жылы бұл сома 1 020 000 теңгені құрайды.

Аталған критерийлерді Қаржы министрі 2025 жылғы 12 қарашадағы № 698 бұйрығымен бекіткен. Банктердің мұндай мәліметтерді ұсыну міндеті Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 24) тармақшасында белгіленген.

Банктер мемлекеттік кірістер органдарына қандай мәліметтер береді?

Екінші деңгейлі банктер алушының жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) және белгілі бір кезеңде шотқа түскен қаражаттың жалпы сомасын ғана ұсынады.

Мәліметтер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-іне дейін жолданады. 2026 жылдың үшінші тоқсанына қатысты деректерді банктер 15 қазанға дейін тапсырады.

Айта кетейік, цифрлық төлемдердің үлесі артқан сайын мемлекет те қаржы айналымына қойылатын талаптарды күшейте бастады. Соның бірі – мобильді аударымдарды мониторингілеу.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУСЫЗ ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТЕГІН АЛУҒА БОЛАДЫ?

2027 жылғы қаңтардан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесінде сақтандырылған-сақтандырылмағанына қарамастан, емханаларда бастапқы медициналық көмектің негізгі түрлерін ала алады. Денсаулық сақтау министрлігі алғашқы медициналық-санитариялық көмек (АМСК) көрсету қағидаларына тиісті түзетулер әзірледі.



Құжат жобасына сәйкес, емханаға алғаш рет жүгінген кезде пациенттер негізгі медициналық қызметтерді ала алады. Олардың қатарында жалпы қан және зәр талдауы, артериялық қан қысымын өлшеу, электрокардиограмма (ЭКГ), қандағы оттегі деңгейін тексеру, флюорография және басқа да бірқатар тексерулер бар. Сондай-ақ тізімге кейбір функционалдық зерттеулер, құрсақ қуысы мен бүйректің ультрадыбыстық зерттеуі (УДЗ) енгізілген. Бұл қызметтерді алғашқы рет алу үшін МӘМС жүйесіндегі сақтандырылған мәртебесінің болуы талап етілмейді.

Министрліктің түсіндіргеніндей, өзгерістер медициналық көмектің бірыңғай пакетіне көшуге байланысты енгізіліп отыр. Бұл емханаларда медициналық қызметтерді алуды жеңілдетіп, қолданыстағы қағидаларды түсінікті етуге және медициналық көмектің әртүрлі пакеттерінде бір қызметтің қайталануын жоюға мүмкіндік береді.

Пациенттерге автоматты түрде қоңырау шалынуы мүмкін

Құжат жобасында пациенттерге автоматты түрде қоңырау шалу тетігі де қарастырылған. Ол үшін медициналық ақпараттық жүйелермен байланыстырылған арнайы алгоритмдік жүйелерді пайдалану жоспарланып отыр. Бұл азаматтарды қажетті ақпаратпен жедел қамтамасыз етуге және емханалардың жұмысының бір бөлігін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Құжат жобасы қоғамдық талқылау үшін «Ашық НҚА» сайтында жарияланған. Өз ескертулері мен ұсыныстарын 23 қазанға дейін жолдауға болады.

ТАБИҒАТҚА ЗИЯН КЕЛТІРГЕН АДАМ ОНЫ ӨЗ ЕСЕБІНЕН ӨТЕУГЕ МІНДЕТТІ

Қазақстанда қоршаған ортаны ластаған тұлға келтірілген экологиялық залалды өз есебінен жоюға міндетті. Экологиялық кодексте бекітілген «ластаушы төлейді» қағидаты айыппұлмен шектелмей, табиғатты қалпына келтіру жауапкершілігін де көздейді. Бұл туралы Экология министрлігі мәлім етті.

Кәсіпорынның қызметінен топырақ ластанса, өзенге немесе өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келсе, оның салдарын кім жоюы керек? Қазақстан заңнамасына сәйкес, экологиялық залал келтірген тұлға оны өз есебінен жоюға міндетті. Бұл талап Экологиялық кодексте бекітілген «ластаушы төлейді» қағидатына негізделген.

«Ластаушы төлейді» қағидаты нені білдіреді?

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 136-бабына сәйкес, экологиялық залал келтірген тұлға бүлінген табиғи орта құрамдастарын өз қаражаты есебінен толық көлемде қалпына келтіруге міндетті.

Яғни жауапкершілік тек айыппұл төлеумен шектелмейді. Кінәлі тұлға келтірілген экологиялық залалды жоюға бағытталған қажетті шараларды да қабылдауы керек.

Нені білу маңызды?

Айыппұл төлеу залалды жою міндетінен босатпайды. Экологиялық залал келтірген тұлға әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғанның өзінде, заңда көзделген азаматтық-құқықтық жауапкершілігінен босатылмайды.

Табиғи ортаны қалпына келтіру қажет. Экологиялық залалды жою кезінде бүлінген табиғи орта құрамдастарын қалпына келтіруге бағытталған шаралар қабылданады. Мұның мақсаты — келтірілген зияннның салдарын жою және табиғи ортаның жағдайын қалпына келтіру.

Залалдың сипаты мен көлемі анықталуы тиіс. Экологиялық кодекстің 131-бабында экологиялық залалдың белгілері айқындалған. Атап айтқанда, табиғи орта жағдайының тікелей немесе жанама түрде өлшенетін жағымсыз өзгеруі не оның пайдалы қасиеттерінің нашарлауы ескеріледі. Залалды жою міндетін қолдану үшін заңда белгіленген негіздер мен тиісті мәнжайлар анықталуы қажет.

Заң не дейді?

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіндегі «ластаушы төлейді» қағидаты қоршаған ортаны ластаудың алдын алуды ғана емес, келтірілген экологиялық залалды жоюға жұмсалатын шығынды жауапты тұлғаның көтеруін де көздейді.

Демек, табиғатқа келтірілген экологиялық залал назардан тыс қалмауы керек. Заңда белгіленген жағдайларда оны жою және бүлінген табиғи ортаны қалпына келтіру міндеті залал келтірген тұлғаға жүктеледі.



ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ ЖСН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРУІ МҮМКІН



Өтініш берушілер туралы мәліметтер иммигранттардың эталондық деректер базасы арқылы тексерілуі мүмкін. Ішкі істер министрлігі шетелдіктерге жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) беру және оған өзгерістер енгізу кезінде олардың Қазақстан аумағында заңды түрде жүргенін тексеруді ұсынды.

Тиісті түзетулер жобасының сипаттамасы «Ашық НҚА» порталында жарияланды. Өзгерістер Қазақстанда уақытша жүрген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына қатысты.

Олардың елде заңды түрде болуын немесе тұруын тексеру үшін иммигранттардың эталондық деректер базасындағы мәліметтерді пайдалану ұсынылып отыр. ІІМ-нің бағалауынша, бұл мемлекеттік қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын деректердің дұрыстығын арттыруға мүмкіндік береді.

Қолданыстағы қағидаларда да шетел азаматының Қазақстанның мемлекеттік шекарасын кесіп өткенін «Бүркіт» ақпараттық жүйесі арқылы тексеру қарастырылған. Бұл жүйе оның ел аумағында болғанын растауға мүмкіндік береді.

Құжат жобасын жария талқылау 28 қазанға дейін жалғасады.

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ҮШІН ТАПСЫРАТЫН ЕМТИХАННЫҢ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ



ІІМ көлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсыру қағидаларына түзетулер әзірледі.

ІІМ әкімшілік полиция комитеті басқарма бастығының орынбасары Ақтоты Боранованың айтуынша, ведомство көлікті тіркеу және жүргізуші куәлігіне емтихан тапсыру қағидаларына өзгерістер әзірледі.

«Мақсатымыз – мемлекеттік қызметтерді алуды жеңіл әрі жылдам ету. Артық рәсімдер алынып тасталды. Көлікті қайта жабдықтағаннан кейін оны бөлек қаратудың қажеті жоқ. Енгізілген өзгерістің қауіпсіз екенін растайтын құжат болса жеткілікті. Емтиханды бірінші рет тапсыра алмасаңыз, келесі жұмыс күні қайта тапсыруға болады. Екінші рет те сәтсіз болса, дайындалуға 10 күн беріледі. Теориялық немесе практикалық емтиханнан үш рет өте алмасаңыз, сол емтиханды кейін қайта тапсыру ақылы болады. Бұл шара емтиханға қосымша дайындалу үшін енгізіліп отыр», деді Ақтоты Боранова.

Министрлік өкілінің айтуынша, теориялық емтиханды тапсырып, практикалық емтиханнан өте алмасаңыз, теориядан алған нәтижеңіз сақталады.

«Шетелдік жүргізуші куәлігін Қазақстан куәлігіне ауыстыру үшін алдымен теориялық емтиханды тапсыру қажет. Бұдан бөлек, жол қауіпсіздігіне жауапты уәкілетті орган куәлікті берген елге ресми сұрау жібереді. Ол елдің құзыретті органы куәліктің түпнұсқа екенін растағаннан кейін ғана куәлік ауыстырылады. Бұл – жалған құжаттардан қорғау шаралары. Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыз», - деді комитет басқарма бастығының орынбасары.











QAZAQSTAN

Дүйсенбі, 19 қазан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35 ТІРШІЛІК.
06.05, 15.35, 02.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР».
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК».
12.10, 23.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10, 01.35 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ».
14.20 АПТА.
15.00 АҚОРДА.
15.20, 04.20 ҚАЗАҚСТАН АНТОЛОГИЯСЫ.
15.55, 04.40 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
20.30 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ».
22.25 Т/Х «АДАСҚАН».
03.30 АШЫҚ АЛАҢ.

Сейсенбі, 20 қазан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
06.05, 14.55, 02.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР».
10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК».
12.10, 23.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10, 01.35 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ».
14.20, 04.15 БІР ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ.
14.40 ЗАҢ МЕН ТӘРТІП.
15.55, 04.35 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
20.30, 03.25 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ».
22.25 Т/Х «АДАСҚАН».

Сәрсенбі, 21 қазан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
06.05, 14.55, 02.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР».
10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК».
12.10, 23.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10, 01.35 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ».
14.20, 04.20 ЗАҢ АЛДЫНДА.
14.35 IT ЖЕТІСТІКТЕР: ЖАҢА БУЫН.
14.50 SUPERSTAR KZ.
15.55, 04.40 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
20.30, 03.30 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ».
22.25 Т/Х «АДАСҚАН».

Бейсенбі, 22 қазан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ.
06.05, 14.55, 02.30 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР».
10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК».
12.10, 23.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10, 01.35 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ».
14.20, 04.10 ТАЗА САНА.
15.55, 04.40 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
20.25, 00.35 АҚША ӘЛІППЕСІ.
20.30, 03.25 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ».
22.25 Т/Х «АДАСҚАН».

Жұма, 23 қазан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.50 АҚПАРАТ.
06.00 АҚША ӘЛІППЕСІ.
06.05, 15.25 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
07.00 «TAŃSHOLPAN».
09.00 Т/Х ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР».
10.10, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК».
12.10, 23.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН.
13.10, 02.10 Т/Х «СЕЛТ ЕТКЕН СЕЗІМ».
14.20, 03.05 ҚАРҚЫНДЫ ҚҰРЫЛЫС.
14.50 Д/Ф.
15.20 SUPERSTAR KZ.
15.55, 04.45 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ».
17.20, 01.20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
20.30, 03.35 АШЫҚ АЛАҢ.
21.25 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ».
22.25 Т/Х «ҚАУІП ШЕГІНДЕ».
00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.
04.25 «БІР ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ».

Сенбі, 24 қазан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35 АҚПАРАТ.
06.05, 02.40 Т/Х «ҚУДАШАҚЫЗ».
07.35, 04.25 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
08.35 АҚСАУЫТ.
09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР».
10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК».
12.00, 05.10 PRIME ERA.
12.20, 20.00 «SUPERSTAR KZ».
14.50 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН».
15.30, 00.25 КОНЦЕРТ.
17.10 БІР ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТТЕРІ.
17.30, 02.05 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ.
17.45, 02.20 «ҚҰРЫЛТАЙ».
22.30 «БОЛҒАН ОҚИҒА», Х/Ф.

Жексенбі, 25 қазан

05.30 ӘНҰРАН.
05.35, 02.55 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ».
06.00, 03.45 Т/Х «ҚУДАШАҚЫЗ».
07.30, 09.45 Д/Ф.
07.55 «БОЛҒАН ОҚИҒА», Х/Ф.
09.40, 14.55, 17.05 МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ.
10.00, 18.00 Т/Х «МЕЛЕК».
12.00, 05.10 ЖАСАМПАЗ ҰЛТ.
12.25 «SUPERSTAR KZ».
15.00 КОНЦЕРТ.
17.10 «ЕГЕМЕНДІК ФЕНОМЕНІ», Д/Ф.
17.40, 02.30 АҚОРДА.
20.00, 01.50 АПТА.
20.40 Т/Х «СОҢҒЫ ХАТ».
21.35 КОНЦЕРТ.
22.50 «ТОМИРИС», Х/Ф.

ХАБАР

Дүйсенбі, 19 қазан

05.00, 13.30 Т/Х «РАУЗА».
06.00 КОНЦЕРТ.
08.00 ОЯН.
10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР».
11.00 М/Ф.
12.15 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ТАЙНЫ КОСМОСА».
13.00 ЦИФРОВОЙ КОД.
14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ».
15.15, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.15 «БИІК СЕЗІМ», Х/Ф.
17.40 СПЕЦПРОЕКТ PRESIDENT.
18.00 НОВОСТИ.
18.30 ЖАНАЛЫҚТАР.
23.00 «МУЗАРТ – 25 ЖЫЛ», Д/Ф.
23.30 ӘЗІЛ БӘЙГЕ.
00.10 Т/С «ЛОВУШКА».
01.10 Т/С «ПРОСТИ».
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Сейсенбі, 20 қазан

05.00, 13.30 Т//Х «РАУЗА».
06.00 КОНЦЕРТ.
08.00 ОЯН.
10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР».
12.00 ОЙНАЙҚ.
13.00 ӨЗЕКТІ.
14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ».
15.15, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.00 «НАУЧИ МЕНЯ ЖИТЬ», Х/Ф.
18.00 НОВОСТИ.
18.30 ЖАНАЛЫҚТАР.
23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ.
00.10 Т/Х «ЛОВУШКА».
01.10 Т/С «ПРОСТИ».
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Сәрсенбі, 21 қазан

05.00, 13.30 Т//Х «РАУЗА».
06.00 КОНЦЕРТ.
08.00 ОЯН.
10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР».
12.00 ОЙНАЙҚ.
13.00 БАЛАМ ҮШІН.
14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ».
15.15, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.15 «ДУБАЙ ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ», Х/Ф.
18.00 НОВОСТИ.
18.30 ЖАНАЛЫҚТАР.
23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ.
00.10 Т/Х «ЛОВУШКА».
01.10 Т/С «ДЕВОЧКИ МОИ».
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Бейсенбі, 22 қазан

05.00, 13.30 Т//Х «РАУЗА».
06.00 КОНЦЕРТ.
08.00 ОЯН.
10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР».
12.00 ОЙНАЙҚ.
13.00 ӨЗЕКТІ.
14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ».
15.15, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.15 «ВА-БАНК», Х/Ф.
18.00 НОВОСТИ.
18.30 ЖАНАЛЫҚТАР.
23.00 ӘЗІЛ БӘЙГЕ.
00.10 Т/Х «ЛОВУШКА».
01.10 Т/С «ДЕВОЧКИ МОИ».
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Жұма, 23 қазан

05.00, 13.30 Т//Х «РАУЗА».
06.00 КОНЦЕРТ.
08.00 ОЯН.
10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР».
12.00 ОЙНАЙҚ.
13.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА.
14.15, 19.00 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ».
15.15, 20.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН».
16.20 Х/Ф.
18.00 НОВОСТИ.
18.30 ЖАНАЛЫҚТАР.
23.00 KEШIREC.
00.10 Т/Х «ЛОВУШКА».
01.10 Т/С «ДЕВОЧКИ МОИ».
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Сенбі, 24 қазан

05.00, 12.15 COVER SHOW.
07.00 КОНЦЕРТ.
09.00 АЗАМАТ.
10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР».
11.00 М/Ф.
13.00, 23.00 «КРИД-3», Х/Ф.
15.00 ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС.
16.30 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ».
19.00 ТОП-ТАРТЫС.
22.00 7 КҮН.
22.40 ЖҰМЫР ЖЕР.
01.00 Т/С «ДЕВОЧКИ МОИ».
02.00 ҚР ӘНҰРАНЫ.

Жексенбі, 25 қазан

05.00 COVER SHOW.
06.00 КОНЦЕРТ.
07.30 АЛТЫНАЙ ЖОРАБАЕВА.
09.30 Д/Ф.
10.00, 21.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ТАҒДЫР».
11.00 «МУЗАРТ – 25 ЖЫЛ» КОНЦЕРТІ.
13.00 «БАЙДЫҢ БАЛАСЫ», Х/Ф.
14.40, 23.00 «ПУТЬ ДОМОЙ», Х/Ф.
16.30 Т/Х «АҚ ЖЕҢГЕ».
19.00 ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК.
22.00 «РОБОКОП», Х/Ф.
00.00 CREATIVE QAZAQSTAN.
00.30 Т/С.
01.30 ҚР ӘНҰРАНЫ.

ЕВРАЗИЯ

Дүйсенбі, 19 қазан

06.00 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».
06.55 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
11.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО.
13.05 АНАЛИТИКА.
14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.20 НОВОСТИ.
14.30 QOSLIKE.
18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 03.15 KÖREMIZ-ШОУ.
20.00, 01.35 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ».
02.05 Т/С «ПОДКИДЫШ».
04.15 «П@UTINA».

Сейсенбі, 20 қазан

06.00 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».
06.55 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО!
13.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.20 НОВОСТИ.
14.30 QOSLIKE .
18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00 KÖREMIZ- ШОУ.
20.00, 01.35 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ».
02.05 Т/С «ПОДКИДЫШ».

Сәрсенбі, 21 қазан

ҚҰРМЕТТІ ТЕЛЕКӨРЕРМЕНДЕР!
САҒАТ 17.00-ГЕ ДЕЙІН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ.
ЫҢҒАЙСЫЗДЫҚТАР ҮШІН КЕШІРІМ СҰРАЙМЫЗ!
17.00 QOSLIKE .
18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 03.45 KÖREMIZ- ШОУ.
20.00, 01.35 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ».
02.05 Т/С «ПОДКИДЫШ».

Бейсенбі, 22 қазан

06.00 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».
06.55 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО!
13.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.20 НОВОСТИ.
14.30 QOSLIKE .
18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 03.15 KÖREMIZ-ШОУ.
20.00, 01.35 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.35 Т/С «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. ВОЗВРАЩЕНИЕ».
02.05 Т/С «ПОДКИДЫШ».
04:15 «П@UTINA».

Жұма, 23 қазан

06.00 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».
06.50 Т/С «ПОЗДНЕЕ РАСКАЯНИЕ».
08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!
09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!
11.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР.
12.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО!
13.05 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.
14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР.
14.20 НОВОСТИ.
14.30 QOSLIKE .
18.30, 02.50 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР.
19.00, 03.15 KÖREMIZ- ШОУ.
20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
20.30 «ҚҰРЫЛТАЙ ОНЛАЙН».
20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС.
22.30 Т/С «Я ИДУ ТЕБЯ ИСКАТЬ-5. ВЗРЫВ».
04.15 «П@UTINA».

Сенбі, 24 қазан

06.00, 02.55 ҚАЙМАҚ.
07.10 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ.
07.50 ҚҰРЫЛТАЙ ОНЛАЙН.
08.20 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ».
09.20 ПОЛЕ ЧУДЕС.
10.55 «БАҚЫТ ДЕГЕН-СЕНІҢ БАЛА КҮНДЕРІҢ».
13.00 «ЗАБЫТЫЙ АНГЕЛ», Х/Ф.
17.30 ТОЧЬ-В -ТОЧЬ.
20.00 BASTY PRIME.
20.50 «РЕЦЕПТ СЧАСТЬЯ», Х/Ф.
01.05 «ЛЕВ ЯЩИН. ВРАТАРЬ МОЕЙ МЕЧТЫ».
03.30 «П@UTINA».

Жексенбі, 25 қазан

06.00, 02.20 ҚАЙМАҚ.
07.20 #BASTYPRIME.
08.35 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ».
09.30 ПУСТЬ ГОВОРЯТ.
11.00 «БАҚЫТ ДЕГЕН - СЕНІҢ БАЛА КҮНДЕРІҢ».
13.00 «РЕЦЕПТ СЧАСТЬЯ», Х/Ф.
17.35 «ҚАЖЫМҰҚАН», Х/Ф.
20.00 АНАЛИТИКА.
20.50 «МОЯ РОДНАЯ», Х/Ф.
01.25 «КОМАНДЫ».
03.30 «П@UTINA».

«Әр кітаптың адамға берер өз әлемі бар, тек оны аша алатын жүрек керек».
«Өмірде бәрін жоғалтып алу қорқынышты емес, өз-өзіңді жоғалтып алу - қорқыныштысы».










БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ - 2027



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

«АТА-АНАҢНЫҢ ҮЙІН ТЕКСЕР!»:



ҚАУІПСІЗДІК ҚАМҚОРЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында жылыту кезеңінде тұрғын үй секторында өрт пен адам өлімінің алдын алуға бағытталған «Ата-анаңның үйін тексер» республикалық акциясы жалғасуда.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері тұрғындарды шетте қалмауға және ата-аналарының, әсіресе егде жастағы үйлерінің қауіпсіздігін тексеруге шақырады.

Жылыту пешін және электр сымдарының дұрыстығына көз жеткізу, мұржаны тазарту, пештің қызып кетуіне жол бермеу және автономды өрт детекторлары мен көміртегі тотығы датчиктерін орнату маңызды.

Күтімді кейінге қалдырмаңыз. Кейде ата-аналарға үнемі бару қиындықтың алдын алуға көмектеседі.

Ата-анаңыздың үйін тексеріңіз - әрқашан Сізге қамқорлық жасайтындарды қорғаңыз!

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Мағжан Жұмабаев ауданының «Мағжан жұлдызы» және «Вести» газеттерінің (бұдан әрі - Газеттер) меншік иесі «Газета «Вести» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2026 жылдың 8 қарашасына тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкіміне кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарды орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

ГАЗЕТТЕРДІҢ БАСПА АЛАҢДАРЫН ҰСЫНУДЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынуы Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкіміне тіркелген кандидаттарға баспа үгіт материалдарын орналастыруға баспа алаңын ұсыну туралы Серіктестікпен (газеттердің меншік иесімен) жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады.

Шарттың нысаны және оған ілеспе құжаттар жазбаша өтініш берген кезде ұсынылады. Кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттермен баспа алаңдарын ұсыну туралы шартқа қол қоюы кандидаттың (сенім білдірілген адамның) газеттерден сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді қабылдауға келісімі болып табылады. Мұндай шартты жасасу үшін кандидат Газет иесіне мынадай ақпаратты көрсете отырып жазбаша өтініш береді:

- жазбаша өтініштің тіркеу нөмірі, күні және уақыты;
- жазбаша өтініш берген кандидаттың Т.А.Ә., сенім білдірілген тұлғаның Т.А.Ә.;
- адамның жазбаша өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжат;
- кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжат;
- баспа алаңының жоспарланған көлемін және оны ұсыну уақытын, үгіттік баспа материалдарының түрін көрсете отырып, жазбаша өтініштің мазмұны;
- кандидаттың не сенім білдірілген адамның қолы.

Жазбаша өтініштерді Газеттер 2026 жылғы 19 қазаннан 4 қарашаға дейін қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарды шығаруға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы мәліметтер болуға тиіс.

БАСПА АЛАҢДАРЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

Газеттердің баспа алаңын ұсынғаны үшін төлем мөлшері Қазақстан Республикасының Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға ауылдық округінің әкіміне кандидаттарға баспа алаңын ұсынуға арналған прайс-параққа сәйкес айқындалады және 1 (бір) шаршы метр үшін 180.00 (жүз сексен) теңгені құрайды.

Баспа алаңдарын ұсынғаны үшін төлем сомасы тиісті сайлау қорымен алдын ала жүз пайыз төлем төртібімен аударылуға тиіс. Алдын ала төлем Серіктестік қойған шот негізінде осындай шот берілген күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Төлем серіктестіктің тиісті шартта көрсетілген банктік деректемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Неля ГОНЧАР,
«Газета «Вести» ЖШС директоры.

ЕСКЕ АЛУ

ЖҮРЕКТЕ МӘҢГІ САҚТАЛАСЫҢ, РУСТАМ...



Ардақты інім, асыл бауырым
РУСТАМ ЕРМЕКҰЛЫНЫҢ
өмірден өткеніне де көңіліміз сенер емес.

Ортамызда жүрген жарқын бейнесі, ақжарқын мінезі, жылы сөзі мен мейірімді жүзі әлі де көз алдымызда.

Адамның ғұмыры қысқа болғанымен, артында қалдырған жақсы ізі мен жарқын естелігі мәңгілік. Рустамның да жүрегімізде өшпес орны қалды. Онымен бірге өткізген әрбір сәт, айтқан сөзі, күлкісі мен қарапайым болмысы сағынышпен еске алынады.

Ерте үзілген ғұмыр...
Айтылмай қалған арман...
Қимастыққа толы сағыныш...

Сен енді арамызда болмасаң да, жүрегімізде мәңгі жасай бересің. Жақсы адамның ғұмыры оның артында қалған ізгі істерімен, жақындарының жүрегіндегі естелігімен жалғасады.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын.
Алла алдынан жарылқап, иманыңды жолдас етсін.
Жаның жәннатта, рухың пейіште шалқысын!

Сағынышпен еске алушылар: Ізбасаровтар әулеті.

Директор - бас редактор Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі: «Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2- 17- 49. Басылым индексі 65360 e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 440

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама берушілер жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады